

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын үйымдардың, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын үйымдардың және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын үйымдардың қызметін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 29 желтоқсандағы N 265 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 8 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6039 болып енгізілді

Қ о л д а н у ш ы л а р д ы н қ аулының н а з а р ы на !

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын үйымдардың, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын үйымдардың, инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын үйымдардың қызметін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы

ҚАУЛЫ

Е Т Е Д І :

1. Құші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 146 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

2. Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 64 (қолданысқа 2013.01.01 бастап енгізіледі) Қаулысымен.

3. Құші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 7 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап, он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін, 2010 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1, 2, 3-тармақтарының жиырма екінші, жиырма үшінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырқыншы, қырық сегізінші, қырық тоғызыншы абзацтарын және 2011 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1, 2, 3-тармақтарының жиырма төртінші, жиырма бесінші, қырық бірінші, қырық екінші, қырық үшінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық

жетінші абзацтарын қоспағанда, қолданысқа енгізіледі.

5. Стратегия және талдау департаменті (Н.А. Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап, он күндік мерзімде оны Агенттіктің мұдделі бөлімшелеріне, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры» Заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

6. Ақпараттық технологиялар департаменті (Қ.А. Тұсіпов) осы қаулының 4-тармағында көрсетілген мерзімде «Жинақтаушы зейнетақы қорларының және бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысуышыларының есептілігін қалыптастыруды автоматтандыру» автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйені әзірлеуді қамтамасыз етсін.

7. Агенттік Төрайымының Қызметі (А.Ә. Кенже) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қабылдасын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ә. Алдамбергенге жүктелсін.

*Төрайым*

*E. Бахмутова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК